bilimger.kz
Республикалық білім және ғылым порталы
https://bilimger.kz
*ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі тіркелген — Куәлік нөмірі:* ***KZ45VPY00102718***
2018

**БӨЛІМ: БАЛАБАҚША**

# ЦИКЛОГРАММА Бір аптаға (06-10-қараша 2017ж.) «Күншуақ»ересек тобы

| ЖАРИЯЛАНДЫ | СІЛТЕМЕ |
|---|---|
| 08.01.2018 | https://bilimger.kz/25663/ |

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

**ЦИКЛОГРАММА**
***Бір аптаға (06-10-қараша 2017ж.)***
***«Күншуақ»ересек тобы***

Өтпелі тақырып «Дені саудың жаны сау»
Тақырыпша«Дұрыс тамақтану.Дәрумендер»

| **Күн тәртібі** | **Уақыты** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау.** Ата-аналармен әңгімелесу.<br><br>Ойындар(үстел үсті, саусақ және т.б. ) | 8:30-8:50 | **Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.** | | | | |
| | | Үстел үсті, саусақ және т.б.ойындар. | Құрылыс ойындары. | «Алтын күз» тақырыбында әңгімелесу. | Саусақ ойыны «Бір үйде біз нешеуміз?». | Балалармен бүгінгі көңіл-күйлері туралы әңгімелесу. |
| Таңертеңгі гимнастика. | 8:50 –9:00 | **Жаттығулар кешені** | | | | |
| **Таңғы ас** | 9:00 – 9:30 | Астарың дәмді болсын! | | | | |

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған. 

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған оқу қызметтері.** | **9:30<br>9:55** | **1.Сурет салу.** | **1.Сөйлеуді дамыту.**<br>**Тақырыбы:**Дәрумендер.<br>**Мақсаты:**Балаларда адамның денсаулығы дұрыс тамақтануға байланысты екендігі туралы түсінік қалыптастыру.Тамақ тек дәмді ғана емес, сондай-ақ,пайдалы болуы керектігі туралы түсініктерін кеңейту.Тыңдау және тілді түсіну дағдыларын қалыптастыру.Интонациясына байланысты сөйлемдерді ажыратуға үйрету.<br>**Әдіс-тәсілдері:**Түсіндіру, сұрақ-жауап, әңгімелесу.<br>1.Дидактикалық ойын:«Бұл не?»<br>2.Сурет бойынша әңгімелеу.Дәрумендер туралы түсінік беру.<br>— Дәрумендердің А,В,С, Д, Е деген түрлері болады. Оларды біз күнделікті ішіп жүрген тағамдарымыздан кездестіреміз.<br>Мысалы:«А» дәрумені: қызыл бұрышта, сарымсақта, қызанақта бар.<br>«В» дәрумені: қиярда, қырыққабатта, сәбізде кездеседі екен.<br>«С» дәрумені қарақатта, лимонда, мандаринде кездеседі.<br>«Д» дәрумені: алмада, алмұртта, пиязда, жүзімде .<br>-Осы дәрумендерді көп жесеңдер суыққа төзімді боласыңдар, сүйектерің қатаяды, бұлшық еттеріңе күш береді.<br>**Сергіту сәті.**<br>3.Сұрақ-жауап.<br>-Дәрумендер дегеніміз не?<br>-Дәрумендердің қандай түрлері бар?<br>-Дәрумендердің адамға қандай пайдасы бар?<br>4.Тақпақ.<br>А — болады асқабақ,<br>Өрік, айран, салатта,<br>В — балық, картоп, асқабақ,<br>Сиыр еті жаңғақта,<br>С — апельсин, алмұртта,<br>Д — балық майында,<br>Е — қарақаттан табылар.<br>5.**Дидактикалық ойын:**«Көкөністермен жемістерді жина»<br>Ойынның шарты:араласып кеткен көкөністер мен жемістерді айырып,екі себетке бөліп салу,аттарын атау. | **1.Қ.М.Ұ.Қ.** | **1.Сауат ашу негіздері.**<br>**Тақырыбы:**Дыбыстар.А дыбысы және әрпімен таныстыру.<br>**Мақсаты:**Жаңа әріппен таныстыру.Сөздердегі дыбыстың орнын анықтау. Аталған сөздерге дыбыстық талдау жасауға үйрету.<br>**Әдіс-тәсілдері:**<br>1.Дыбыстар туралы түсінік беру.Түрлерін атау.<br>2.А әрпімен дыбысымен таныстыру.<br>3.Берілген сөздерге дыбыстық талдау жасау.<br>«АНА», «НАН», «АҒАШ»<br>Мысалы:Ана-сөзі үш дыбыстан тұрады.Екі дауысты,бір дауыссыз.А-дыбысы сөздің басында және соңында келген.<br>4.Сергіту сәті.<br>5.Дәптермен жұмыс.<br>6.«Сөздегі бірінші дыбысты айт»<br>Мақсаты:фонематикалық қабылдауын дамыту.<br>Қорытындылау. | **1.Өзін-өзі тану.** |
| | 10:05-10:30 | **2. Жаратылыстану.** | **2.Аппликация.**<br>**Тақырыбы:**Алма.<br>**Мақсаты:**Балаларды жырту тәсілімен жапсыруды орындауға үйрету.Жапсыратын бөліктерді қағаздың бетіне дұрыс орналастыру.Желімді қолдану дағдыларын жетілдіру.<br>**Әдіс-тәсілдері:**<br>сұрақ-жауап,әңгімелеу,түсіндіру,жапсыру<br>1.Жемістер туралы айтып түсіндіру. Түрлерін атау.<br>2.Алманы сипаттап әңгімелеу.<br>3.Сұрақ-жауап.<br>-Жемістердің қандай түрлері бар?<br>-Жемістер қайда өседі?<br>-Қандай пайдасы бар?<br>4.Үлгіні талдау.<br>-Жапсыру жолдарын көрсетіп түсіндіру. (жырту тәсілі)<br>**Сергіту сәті.**<br>5.**Д/О: «Қайда өседі?»**<br>**Мақсаты:** балаларды жемістер мен көкөністерді ажырата білуге, олардың қайда өсетіндігін анықтай алуға үйрету.<br>**Қорытынды жасау.** | **2.Көркем әдебиет.** | **2.Ойна да ойла.**<br>**(вариативтік)Тақырыбы**:«Түрлі-түсті жолақтар».<br>**Мақсаты:**Геометриялық пішіндерді атай білуге үйрету.Қай пішін жетіспейтінін тапқызу. Түстерді атауға, салыстыруға жаттықтыру; берілген тапсырманы орындауға ынталандыру; достық қарым-қатынастарын тәрбиелеу.<br>**Әдіс-тәсілдері:**көрсету,түсіндіру.<br>1.Геометриялық пішіндермен таныс тыруды жалғастыру.<br>2.Үлестірмелі материалмен жұмыстар.<br>Сергіту сәті.<br>3.«Түрлі-түсті жолақтар»<br>Ойынның мақсаты: түстерді атауға, салыстыруға жаттықтыру; берілген тапсырманы орындауға ынталандыру; достық қарым-қатынастарын тәрбиелеу.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: қағазға желімделген әртүрлі жолақшалар.<br>Ойынның мазмұны: балаларға жолақшаларды көрсету, түстерін атау.Берілген жолақшаның түсі бойынша үстелдің үстіндегі дәл осындай жолақшаны табу.<br>**Қорытынды жасау.** | **2.Құрастыру.** |
| | 10:40-11:05 | **3.Ағылшын тілі. (Педагог жоспары бойынша)** | **3.Ертегі әлемі (вариативтік)**<br>**Тақырыбы:** «Айлакер түлкі»<br>**Мақсаты:**Балаларды ертегі мазмұнымен таныстыру.Ертегіні соңына дейін тыңдауға үйрету. Балаларды халық ауыз әдебиетінің шығармаларын дағы кейіпкер бейнесі арқылы адамгершілік қарым-қатынас әлемімен таныстыру. Шығарма мағынасын түсінуге, кейіпкерлер іс-әрекетін бағалауға, олар жайлы айтуға, кейбір адамгершілік қасиеттерге сипаттама бере білуге үйрету. Көркем<br>сөйлеу қабілеттерін дамыту.<br>**Әдіс-тәсілдері:**<br>мәнерлеп оқып беру,әңгімелеп түсіндіру,әңгімелету.<br>1.Жұмбақ.<br>Өзі айлакер, өзі қу,<br>Жүрген жері айқай мен шу.(түлкі)<br><br>2. «Айлакер түлкі»ертегісін оқып түсіндіру.<br>3.Сұрақ-жауап.<br>**—**Балалар Әтеш пен Тауыққа нелер кездесті?<br>-Түлкі мен қоян қайда өмір сүреді?<br>**Сергіту сәті.**<br>4. «Не жоқ?» дидактикалық ойыны.<br>Мақсаты: Балалардың зейінін, есте сақтау қабілетін дамыту.<br><br>**5.Қорытындылау.** | **3.Орыс тілі. (Педагог жоспары бойынша)** | **3.Қауіпсіздік мінез-құлық негіздері.**<br>**Тақырыбы:**Дені саудың-жаны сау.<br>**Мақсаты:**Денсаулықты сақтау үшін, денсаулық ережелерін білу.Өзінің және басқа балалардың ауырғанын сезінген жағдайда ересектерден көмек сұрауға үйрету.**Әдіс-тәсілдері:**әңгімелеу,түсіндіру, сұрақ-жауап.<br>1.Балалар, адамдардың көңілді, әдемі жүруі неге байланысты?<br>-Денсаулыққа.<br>— Әрине, дені сау адам бақытты адам. Дені сау болуы үшін өзін-өзі күтеді. Жазы, қысы шынығады. Егер сендер де тазалықты сақтап, денелеріңді шынықтырсаңдар, шипалы өсімдіктерді пайдалансаңдар салауатты өмір сүресіңдер.<br>2. «Ой қозғау» кезеңі.<br>**1)** Музыка әуенімен қолдарына түрлі–түсті лента алып жатттығулар жасайды.<br>**2)** «Әдепті бала және салақ бала» суретпен жұмыс.<br>**Сұрақ:**<br>а) Әдепті бала туралыәңгімеле.<br>б) Алсалақ бала қандай?<br>в) Сағанқай бала ұнайды?<br>Балалардыңжауабы:<br>**3)** «Балабақшадағыкүнтәртібім». Балабақшадакүнібойы не істейтіндігітуралыәңгімелесу.<br>**4)** «Мағанкерекдәрумен»Үстелүстіндегісуреттердендәрумендері бар ,денсаулыққапайдалыдегендерінажыратыптақтағаілу.<br>5.Тақпақ.<br>Ашытады көзіңді,<br>Сабындаған кезіңде.<br>Бола білсең төзімді,<br>Тап-таза етер өзіңді.<br>Тазалықтың досы-<br>Сабын деген осы.<br><br>**Қорытынды жасау.** | **3. Дене шынықтыру. (әуенмен)** |
| | 11:15-11:40 | **4.Музыка. (Педагог жоспары бойынша)** | **4.Дене шынықтыру.** | **4.Мүсіндеу.** | **4.Музыка.** | **4.Сиқырлы қылқалам. (вариативтік)** |
| «Табиғат аясында» Серуенге дайындық. | 11:40-11:50 | Киіну: серуенге шығу. | | | | |

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған. 

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Серуенге шығу. Серуен. | 11:50-12:30 | Серуен.Бақылау.№17<br>Қайтқан құстарды бақылау. | Серуен.Бақылау.№21.<br>Солып қалған гүлдерді бақылау. | Серуен.Бақылау. №3<br>Бұлтты бақылау. | Бақылау.№6.<br>Ағаштардан желмен ұшып түсіп жатқан жапырақтарды бақылау. | Серуен.Бақылау.№9<br>Күз мезгілінде желді бақылау. |
| «Ас — адамның арқауы»<br>Түскі ас. | 12.30-13.00 | Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс; әдеп ережесі. | | | | |
| «Тәтті ұйқы»<br>Ұйқыға дайындық, ұйықтау. | 13:00-15:20 | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. | | | | |
| «Ұйқымызды ашайық»<br>Ұйқыдан ояну.<br>Шынықтыру шаралары. | 15:20 – 15:45 | | | | | |
| «Астарыңыз дәмді болсын!»<br>Бесін ас. | 15:45 – 16:10 | Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс. | | | | |
| Баланың даму картасынасәйкес жекежұмыс. | 16:10-16:40 | Үстел үсті театры «Үйшік» ертегісі. | Сюжетті-рөлдік ойын «Қуыршаққа қонаққа барамыз» | Альбомдар,сюжетті картиналар қарастыру. | Суретті кітапшаларды бояу, пазлдар, мозаика және т.б. | Сюжеттік ойыншықтармен ойындар,<br>ертегі оқып беру;<br>үстел үсті театры және т.б. |
| Серуенге дайындық | 16.40-16.50 | Киіну: серуенге шығу. | | | | |
| Серуен | 16.50-18.00 | Серуенге қызығушылық туғызу. Балалармен жеке әңгімелесу. | | | | |
| «Келесікездескенше!»<br>Балалар, ата-аналар мен қарым-қатынас<br>Балалардыңүйгеқайтуы. | 18.00 | Ата аналармен балалардың тәртібі жөнінде сөйлесу. | Ата аналармен балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы әңгімелесу. | Ата аналармен алдағы күз мерекесі туралы әңгімелесу. | Ата аналармен балалардың төлем ақысы туралы әңгімелесу. | Ата аналармен балалардың тазалығы туралы әңгімелесу. |

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі
© 2026 **Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы**. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.